

Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 130-летию С.Сейфуллина = С.Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған халықаралық ғылыми - практикалық конференциясының материалдары. - 2024. – Б.IV. - Б. 78-81.

ӨӘЖ: 94 (574) (045)

## ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ОНЫҢ МҰРАСЫ

*Танкеев А., 1 курс студенті*

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті  
Астана қ.*

Орталық Азия, Қазақстан және бүкіл Шығыс халықтарының әлемдік ғылым мен мәдениет тарихында Фараб қаласының (Отырар, Оңтүстік Қазақстан) данышпан тумасы, ұлы ойшыл, философ, ғалым-энциклопедист әл-Фараби айрықша орынға ие.

Әбу Насыр әл-Фараби Фараб мекенінде түркі әскери отбасында дүниеге келгені мәлім. Хорасанда Йуханн ибн Хайланның қолында, Бағдатта Мұхаммед ибн Жаллад пен ғалым, ежелгі грек шығармаларының аудармашысы Әбу Бишра Маттаибн Йупустың қолында тәлім алды. Көп жылдар бойы әл-Фараби Бағдатта, кейін Алеппо мен Дамаск қалаларында тұрды. Жарты ғасыр ішінде ол 200-ге тарта шығарма жазды, оның көп бөлігі бізге жетпей қалған. Әл-Фарабидің ғылыми қызығушылықтары таң қаларлықтай кең. Оның мұрасында математика, медицина бойынша еңбектері бар; ол Алдыңғы Шығыс музыкасының теориясына, алхимия мен магияға қатысты маңызды еңбектерді жазды. Алайда, оның шығармаларының көп бөлігі философияның, логиканың, таным теориясының, психологияның, этиканың, саясаттың, әлеуметтанудың түрлі аспектілеріне арналған. Фарабидің дәл осы ғалымдық іс-әрекеті оны әлемдік мәдениетті жасаушылардың қатарына қойды. Халифаттағы ортағасырлық ғылым Платон, Аристотель және басқа да грек философиясының классиктерінің шығармаларын неоплатондықтардың өңдеуі бойынша алды. Әл-Фараби шынайы Аристотельді кейінгі мистикалық түсіндірмелерден тазартып тануға өз алдына мақсат қойды. Бұл еңбекті керемет жазғандығы соншалық, оны көзі тірісінің өзінде-ақ «әл-Муалим әс-сани» (екінші ұстаз) деп атап кетті, себебі арабтар Аристотельді бірінші ұстаз санаушы еді. Сонымен қатар, Әл-Фараби Аристотельдің трактаттарына («Категориялар», «Герменевтика», «Бірінші және екінші Аналитика», «Топика», «Риторика», «Поэтика» және т.б.), басқа да грек философтарының шығармаларына түсініктеме берді. Бұл еңбектің сапасы туралы куәлік бізге Ибн Сина арқылы жетті: «Мен Аристотельді әл-Фарабидің түсініктемесін оқығаннан кейін түсіндім» [1].

Әл-Фарабидің «қаруы» әлеуметтік әділетсіздік пен азапқа қарсы сөз, ағарту, философиясы болды. Ол адамдардың жер бетіндегі бақытына жетуіне

сенді. Бұл идеяны ол өз шығармаларында: «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы туралы трактат», «Азаматтық саясат», «Бақытқа жол сілтеу», «Бақытқа жету туралы» және т.б. трактаттарынан көруге болады, әл-Фарабидің жан-жақты ғылыми ізденістерінің нәтижесі «Ғылым классификациясы туралы» трактаты болып табылады, онда сол кездегі ғылымдар қатаң түрде тізбектелген, әр адамның зерттеу пәні анықталған. Замандастардың куәліктері бойынша «бұған дейін ешкім мұндай жазбаған». XII ғ. «Ғылымдардың жіктелуі» екі рет латын тіліне аударылды. Оның логикасы бойынша еңбектері «Категориялар», «Далектика», «Әріптер кітабы», «Даналықтың асыл сөздері», «Логикада қолданылатын ағындар», «Аналитика», «Дәлелдеме» және т.б. музыка мен поэзия туралы трактаттарға «Музыка туралы үлкен кітап», «Поэзия өнері туралы Трактат» атты еңбектері жатады. Белгілі француз шығыстанушы Рудольф д'Эрланже 1930-1935 жж. Бұл шығарманы Парижде аударып, жариялады. “Музыка туралы үлкен кітап” екі томдық француз аудармасы Еуропадағы әл-Фарабидің мұрасын зерттеуге үлкен үлес қосты. Әл-Фараби тек қана музыка теориясын жетік білген жоқ, музыкалық аспаптарда да ойнай білді. М. Жұмабаевтың «Түрік музыкасы мен Фарабидің тоғыз қырлы домбырасын кім білмейді» – деген сөзі кеңінен танымал. Әл-Фарабидің «Ут» тоғыз қырлы немесе төрт қырлы домбыраның ойлап шығарушысы болып табылады деп болжауға болады. Әл-Фарабидің жаратылыстану-ғылыми трактаттары «Птолемейдің «Алмагестіне» түсініктеме», «Адам денесінің мүшелеріне қатысты Галеннің Аристотельмен келіспеушілігіне қарсылығы туралы», «Химия өнерінің қажеттілігі туралы» және т.б. түркі халықтарының бай мәдени мұрасы қазіргі Қазақстанның дамуы үшін негізгі бастауы болды.

Логика – зерденің негізі, ол дұрыс жолға жетелейді және қатенің алдын алады. Логика екі бөлімнен тұрады: ұғымдар мен анықтамалар теориясынан және пайым, дәлел, қорытынды теориясынан. Оның мақсаты – дәлелдерді зерттеу. Әл-Фарабидің логикаға үлкен мән беруі, сол заманның жаңашылдығы болды. Әл-Фарабидің «халықтар» ұғымына берген анықтамасы қызық. Оның пікірінше бір халық екінші халықтан екі нәрсемен ерекшеленеді: табиғи әдет-ғұрып пен табиғи қасиеттер, және тіл. Халықтардың бұл әдет-ғұрыптары мен қасиеттері географиялық ортаның әсерімен қалыптасады. Фарабидің бұл тезисін әрмен қарай ортағасырлық Алдыңғы Шығыста тарих философиясының негізін салушы Ибн Халдун (XIV ғ.) дамытты. Әл-Фараби сонымен қатар, әртүрлі қоғамдық таптармен мен топтарды анықтай отырып, әртүрлі «қалаларға» талдау жасады. Фарабидің пікірінше, «қайырымды қала» идеал болып табылады. Бұл қайырымды билеуші басқарған феодалдық қала. Оған өзінің мақсатына сәйкес әрекет ететін басқарушы шенеуніктер мен сол шенеуніктердің мақсатын жүзеге асыратын келесі рангілі шенеуніктер көмектеседі, осылайша қоғамның төмен қабаттарына дейін. Әл-Фарабидің «қайырымды қаласында» теңсіздік орын алады, тек рухани ғана емес, дәулет теңсіздігі де, себебі, «қайырымды қала» тек өзінің қажеттілігімен шектелген еңбек етушілер тұратын «қажеттілік қаласыз» мүмкін емес. Олар қажетін өзара

көмек арқылы табады және төзімділік пен көну арқылы аман-саулыққа қол жеткізеді [1].

Әл-Фараби сын тағатын басқа қалалар үстемдік ететін түрлі таптармен сипатталады. Мұндай қалалар «мансапқұмар», «атақ құмар», «тәтті құмар». Қалада «опасыздық пен бақытсыздық», мысалы, тек тамақпен, шараппен, махаббаттық рахатпен қанағаттану үшін ғана өмір сүреді. Қалада көпестер мен өсімқорлар өзгенің еңбегін алып-сатумен береке табады. Феодалдық қоғамның ақаулығын сынай отырып, Фараби сол қоғамның ақаулығын түзетуді міндетін шектейді. Оның ілімінің негізі «жалпыға бірдей игілік» тұжырымы болып табылады, осының қанат жаюы мемлекеттік биліктің мақсаты. Фараби түсінігінде мемлекет – адам қажеттіліктерін қоғамдық қанағаттандыру үшін ұйым. Әл-Фарабидің гуманистік пікірлері туралы толық түсінік алу үшін оның «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» шығармасынан үзінді келтіреміз: «Ақиқатында табиғат игілік болғандықтан, ол тілек пен еркін таңдаумен қол жеткізілетін болғандықтан әрбір қала бақытқа қол жеткізе алады. Адамдарының бірлестігінің мақсаты іс-әрекетте өзара көмек көрсету болған қала шын бақытқа жетеді, қайырымды қала болып табылады, бақытқа жету мақсатында бір-біріне көмектесетін қоғам – қайырымды қоғам. Қаладағылардың бәрі бақытқа жету мақсатында бір-біріне көмектесетін халық – қайырымды халық. Осылайша, бүкіл халықтар бақытқа жету үшін бір-біріне көмектесетін болса, жер беті қайырымды болады».

Алдыңғы Шығыс пен бүкіл әлем тарихында әл-Фарабидің алар орны қандай? Фарабидің еңбектері халифат мәдениетінің дамуындығы заңды кезең болып табылды. VIII ғ. өзінде-ақ мутазилиттер діни мәселелерді зерттеуге рационалистік принциптерді енгізуге тырысқан. Грек философиясынан хабардар болу ғылыми ойды философия аумағына қарай бағыттады. Әл-Кинди (870 жылы дүниеден өткен) халифат тарихында алғашқы шынайы философ болды (ол «арабтардың философы» деген абыройлы атқа ие болған). Оның философиялық дүниетанымында мистика басым орын алды, бірақ алға тартқан әлемнің құдайдан жаралғандығы, адамның әлемді тану мүмкіншілігі секілді мәселелері мистикадан алшақ және ғылыми ерлік болды. Әл-Фараби әрмен қарай жылжыды. Ол Аристотель ілімінің натурфилософиялық жақтарын күштірек дамытты, философияның алуан мәселелерін, оның табиғи іліммен байлынысын тұжырымдады, философияның діннен тәуелсіз өмір сүру қажеттілігін дәлелдеп, рационализмді негіздеп, зердені биікке көтеріп, танымның ғылыми әдісін, сонымен қатар, қоғамдық даму туралы ілімді өңдеуге тырысты. Оның алға қойған мәселелерін кейінірек Алдыңғы Шығыстың көптеген ірі ғалымдары дамытты [2].

Ибн Сина әл-Фараби ілімін күшейтіп, жүйеледі. Оның идеяларының ізімен Ибн Баджа (1138 жылы дүниеден өткен), Ибн Туфайл (1110-1185 жж.) жүрді. Ибн Туфайл Фарабидің моральды-этикалық ілімін жетілдірді. Ибн Рушд (немесе Аверроэс, 1126-1198 жж.) оның көптеген еңбектернен түсініктеме берді; әл-Фарабидің тұжырымдамалары Ибн Рушдтың ілімі мен оның мектебінің негізі болды. Ортағасырлық Еуропа классикалық ежелгі

грек философиясымен көп мөлшерде әл-Фарабидің арқасында танысты. XII ғ. ағымында оның «Ғылымдар классификациясы» еңбегі латын тіліне екі рет аударылды. XII ғ. мен XVII ғ. аралығында әл-Фарабидің еңбектері – «Зерденің мәні туралы», «Мәселелердің бастауы», Аристотельдің «Физика», «Поэтика» шығармаларына түсініктемесі, «Бақытқа жету жолдары туралы», логика бойынша трактаттары бірнеше рет латын тіліне аударылды. Фарабидің кейбір трактаттары бізге тек латын жазбасымен жеткен, олардың араб тексіндегі қолжазбалар сақталмаған. Фарабидің еуропалық ғылымға ықпалы оның Ибн Сина, әсіресе Ибн Рушд секілді ізбасарлары арқылы да жүзеге асты.

Батысеуропалық ортағасырдың ірі ойшылдары Р.Бэкон, Д.Скот әл-Фарабидің, Ибн Синаның, Ибн Рушд және т.б. ғалымдардың шығармаларын өздерінің теориялық құрылымдарында қолданды. Аса жоғары сенімділікпен Спинозаның кейбір трактаттарының бағыттылығы мен құрылымы жағынан Фарабидің еңбектеріне жақындығын айтуға болады. Осман Әмин әл-Фараби мен Спиноза трактаттарының анықтамаларының да ұқсастығын айтады [3].

Қорытынды жасап, былай айтуымызға болады: Аристотель әл-Фарабидің арқасында Аристотель болды. Алдыңғы Шығыс философиясында (Ибн Сина, Ибн Рушд) қарастырылған мәселелер алғаш оның еңбектерінде көтерілген болатын. Ортағасырлық Еуропа ежелгі грек философиясымен оның еңбектері арқылы танысты (тікелей немесе оның ізбасарлары Ибн Сина, Ибн Рушд, Маймонидтің еңбектері арқылы). Фарабидің философиясы оның шығыстағы ізбасарларының еңбектерінің арқасында байып, латын аверроистері арқылы өтіп, Қайта өрлеу дәуірінің үлесін қабылдап, Спинозаның материалистік және атеистік философиясында, кейінірек – француз энциклопедистерінің ілімдерінде дамыды. Міне, сол үшін ислам дүниесінің ең ірі ғұлама энциклопедисі, Отырардың ұлы перзенті Әбу Насыр әл Фараби бізге қымбат.

*Ғылыми жетекшіі - PhD доктор Қоскеева Ә.М.*

Әдебиеттер тізімі

1 Мутанов, ГМ., Сандыбаев, ЖС., Палторе, ҮМ. (2020). *Мысли и изречения Абу Насра аль-Фараби*. Алматы: Қазақ университеті.

2 Машанов, АЖ. (1994). *Әл-Фараби және Абай*. Алматы: Қазақстан.

3 Suleimenov, P., Paltore, Y., Moldabek, Y., Usenov, G. (2023). An Analysis of Aristotle's Principles in Al-Farabi's Study of Logic in the History and Philosophy of Science. *Acta Baltica Historiae et Philosophiae Scientiarum*, 11(2), 93–110.